**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 қыркүйек N 1183

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасына:

мынадай мазмұндағы реттік саны 13 және 14 жолдармен толықтырылсын:

"13.Германия Ақтөбе облысындағы Жаңажол
мұнай кен орнында қуаты 150
мың кВт газ құбырлы электр
станциясының құрылысы
("Батыс Қазақстан тұтынушыларын
электрмен жабдықтауды тұрақтандыру
жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1996 жылғы 2 мамырдағы N 583 қаулысы") 80,7 млн.$
"Ақтөбе энер.
гия" АҚ

14.Германия АКА Қазақстан Республикасы 37,5 млн.ДМ
банкі Ішкіісмині қылмыстық-түзеу Қазақстан
жүйесі мекемелерінің базасында Республикасы.
табиғи тастарды өндіру және ның Ішкіісми.
өңдеу жөніндегі өндірісті ні
ұйымдастыру

"Жиыны" жолында "327,4 млн $ доллары
76,7 млн ДМ
7, 236 млрд. жапон иені"

сандары "408,1 млн $

114,2 млн ДМ
7, 236 млрд. жапон иені"
сандарымен алмастырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 шілдедегі N 850 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК